

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы №--4---

Қосбөлтек ауылы
Қатысқаны: 5

12.03.2024ж.

Күн тәртібінде:

1.Педагогтерді аттестаттаудың шарттары мен тәртібі туралы

Тыңдалды: меңгеруші Ш.Жанхожаева ҚР-сы Білім және ғылым министрінің №83 бұйрығына 2025 жылы жаңа форматтар енгізілетінін айта келе, 2025 жылы аттестаттау комиссиясы жылына 1 рет шешім қабылдайтынын, оған білім беру ұйымы педагогтерге аттестаттау материалдарын қалыптастыруға жәрдем беру, әрбір педагогтың негізгі көрсеткіші іс-шаралар, ұйымдастырылған қызметтер болып табылады.

Педагог жетістіктерінің тізіміне шығармашылық, спорттық конкурстар мен жарыстар және сабаққа ену енгізілгенін айтты.

ПББ тестін басшылардың орынбасарлары, әдіскерлер де тапсырады.

2018-2019 жылы аттестаттаудан өткен педагогтер және жаңадан өтетін педагогтер осы жылы ескі форматта өту керектігін айта отырып, педагог тест тапсыру тәртібін бұзған жағдайда аттестатталуға қатысуға тыйым салыну мерзімі 5 жылдан 1 жылға дейін азайтылды. Егерде тәртіп қайта бұзылған жағдайда педагог 3 жылға аттестаттаудан шектетіледі.

ПББ нәтижесі қалаған санатына жетпеген жағдайда санатты растау кезінде бір деңгей төмен санат беріледі. ПББ тестінен санатты растау кезінде 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтер босатылады. Өтініш берілген уақытта мемлекеттік көрсетілген қызмет, педагогтің өзі электронды түрде береді, ол өтініш берілген кезден бастап 1 ай ішінде сарапшылық комиссиясы қарайтынын атап өтті.

Осы күн тәртібіндегі мәселе бойынша кім де қандай сұрақтар бар екені ұсынылды. Бұл мәселе бойынша ешқандай сұрақ болмады.

Күн тәртібіндегі мәселені талдай келе, шешім етті:

1.Аттестаттау шарттары мен тәртібі педагогтер назарында болуы қадағалансын. Шешім бірауыздан қабылданды.

Хатшы:



Максымханова Ф.